

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP09259326 «Дастұр Ал-‘Иләж» – Далалық Медицина Дереккөзі»
Жоба өзектілігі	<p>Көшпелі халықтардың этномедицинасы (одан әрі «этномедицина» терминін біз «халықтық медицина» терминімен байланыстырамыз және оны белгілі бір халықтың күнделікті өмірінде қолданылатын емдеу әдістері мен құралдарының жиынтығы ұғымында қолданылады) – «Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбының және Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының этномәдени жүйесін зерттеудегі маңызды мәселелердің бірі. Қазақстан территориясында ортағасырларда объективті себептермен халықтық медицина басым болды. Санғасырлық халық медицинасын жаңа этнографиялық материалдармен толықтыру ғылым үшін де, күнделікті өмір үшін де қажетті. Ортағасыр далалық этномедицина тарихын зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы үлкен.</p> <p>Ұсынылған жобада жазба мұралар негізінде көшпенді жұрттың емдеу мәдениеті мен тарихын зерттеу мақсаты қойылады. Медициналық мазмұнда жазылған ортағасырлық мұраның бірі - Көшкінші ханның (1432-1530) жеке дәрігері Сұлтан Әли әл-Хорасани (1533 ж. кейін қ.б.) қаламымен XVI ғасырдың бірінші жартысында (нақтырақ, 933/1526-27 жж.) жазылған «Дастұр ал-‘иләж» («Емдеу дәстүрі») еңбегі. Шығарма – көшпенді халық арасында жиі қолданылған емдеу әдістері мен дәрі-дәрмектерді жасау жолдары туралы мол мәлімет беретін құнды дереккөзі. Жобаны атқару нәтижесінде отандық және шетелдік қорлардағы түркі медициналық мұралары зерттеліп, соның ішінде шағатай және парсы тілдеріндегі «Дастұр әл-‘иләж» трактатының мәтіні қазақ тіліне аударылып, ғылыми қауымға ұсынылады.</p> <p>Халықтық медицина мен ұлттық емдеу жолдары кодификацияланған, жүйеленген, үйретілген және кеңінен қолданылған деп тануға болады және олар мыңдаған жылдық тәжірибемен қалыптасқан. Екінші жағынан, бұл өте құпия, мистикалық және жергілікті жерлерде оның тәжірибесі ауызша немесе жазбаша түрде жеткізілген. Көшпелі дала халықтарының медицинасы бай мәдени құрылымға ие және ол әр түрлі жазба мұралар беттерінде сақталған. Әр түрлі этникалық топтар мысалында халықтық медицина дәстүрлеріне этнографиялық зерттеулер жүргізу, халық арасына кеңінен насихаттау және оларды практикада қолдану бүгінгі күннің ғылыми бағыты үшін актуалды, сонымен қатар, практикалық маңыздылыққа ие.</p>

<p>Жоба мақсаты</p>	<p>Жобаның мақсаты – XVI ғасырдың бірінші жартысында Көшкінші хан (1432–1530) және оның ұлы Әбу Сағид ханның (1533 ж.қ.б.) жеке дәрігері Сұлтан Әли ал-Хурасанидің (1535 ж. кейін қ.б.) «Дастұр ал-‘илāж» («Емдеу дәстүрі») трактатын кешенді зерттеу және оның халықтық медицина тарихы мен мәдениетіне қатысты деректік маңызын анықтау.</p>
<p>Жоба міндеттері</p>	<p>«Дастұр ал-‘илāж» ортағасырлық медициналық шығармасы мәтініне толықтай ғылыми зерттеулер жүргізілмеген. Шығарма бүгінге екі тілде: парсы және түрік (шағатай) тілдерінде жетіп отыр және оның қолжазбалары Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Иран, Үндістан, Түркия, Ресей, Ұлыбритания, Франция, Германия және т.б. бірнеше елдердің қорларында сақталған. Осыған байланысты жобада мынадай міндеттер алға қойылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – республикалық және шетелдік қорларда сақталған трактаттың қолжазбаларын анықтау, сәйкестіктерін зерттеу; сол арқылы шығарманың таралу ауқымын, көшірушілер мен оқушылар, тұтынушылар ортасын анықтау, шығарманың қай тілде көп көшірілгенін және ең көне нұсқасы қай тілде сақталғанын, алғашқы немесе содан көшірілген қолжазбасын табу; – шығарма алғаш қай тілде жазылды деген сұраққа жауап іздеу және қай тілдегі нұсқасы толық ия кем екенін анықтау үшін парсы және түркі тіліндегі нұсқаларындағы трактат қолжазбаларының құрамын, көлемін және мазмұнын анықтау; – трактаттың шығу тегі мен алғашқы жазылған түпнұсқа тілін анықтау, осы міндет барысында қай нұсқасының редакцияланғанын немесе қысқартылғанын байқау, мәтіннің қай тілге аударылғанын анықтау; – шығарманың мәтінін қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізу үшін трактат мәтініне сыни талдау жасау; – интеллектуалды тарихи тұлғалардың дала халықтары арасында медицинаның, емшілік қнердің, халықтық ем-дом дәстүрлерінің дамуына және қалыптасуына тигізген әсерін зерттеу, сол арқылы ортағасырлардағы халық медицинасының даму кезеңдерін анықтау; – шығармадағы тілдік бірліктерді, терминдерді, медициналық атауларды, т.б. зерттей отырып, көшпелі халықтар арасындағы медициналық білімнің деңгейін және ерекше белгілерін анықтау;

	<p>– осы саладағы жас зерттеушілердің біліктілігін арттыру.</p> <p>Алға қойған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін мынадай іс-шаралар атқарылады: археографиялық экспедициялар ұйымдастырылады; халықтық медицинаның тарихы мен мәдениетіне қатысты ортағасырлық жазба мұралар зерттеледі; жоба тақырыбына сай арнайы семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылады; жоба орындаушылары жазба деректерді зерттеу бойынша шеберлік сабақтарға қатысады.</p>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<p>«Дастūr ал-‘илāж» интеллектуалды тарихи тұлғалардың дала халықтары арасында медицинаның, емшілік өнердің, халықтық ем-дом дәстүрлерінің дамуына және қалыптасуына тигізген әсерін зерттеуде, сол арқылы ортағасырлардағы халық медицинасының даму кезеңдерін анықтауда таптырмас дерек. Ондағы тілдік бірліктерден, терминдерден, медициналық атаулардан Дешті Қыпшақ көшпелі халықтары арасындағы медициналық білімнің деңгейін және ерекше белгілерін анықтауға мол мүмкіндік алдық.</p> <p>Трактатта емдік мақсатта қолданған 109 өсімдіктің, өнімдерін қолданған 40 аң-жануардың, 10 минералдың атауы, 28 дәрі-дәрмектің жасалу жолы мен ем-домдарда қолдану жолы баяндалған (Қосымша Ә, Б). Жоба аясында жүзеге асырылған зерттеу нәтижесінде ең алдымен, халықтық медицинаның тарихы мен дамуы, дүниетанымдық діни аспектілері, ортағасырларда жиі қолданған емдеу әдістері, дәстүрлі емшілік өнері мен мәдениетінің өзара байланысы жайлы мол мәлімет алынды. Медицина классиктерінің шығармаларымен таныс болған Хакиm Сұлтан Әли трактатында дала дәрігерлері (бақсы, сынықшы, оташы, жаррахшы/жарашы, құяшы) мен халық медицинасының грек, араб, парсы, үнді медицинасымен өзара ұштасқан мәдениеті мен түйіскен тұстары, тәжірибелері көрінді.</p> <p>Зерттеу нәтижелері жалпы саны 16 мақалада (Қосымша А): 2 мақала SCOPUS, 5 мақала ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда, 9 мақала халықаралық конференция (Бішкек, Познан, София, Алматы) жинақтарында жарияланды. Жоба тақырыбы бойынша «Түркі халықтарының дәстүрлі медицинасы» атты (26-27 қазан 2021 ж.) бір онлайн-семинар және бір «Далалық медицина: деректері, тарихы, қолданылуы, ұғымдары мен терминдері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 4-5 қазан 2022 ж.) ұйымдастырылды. Отандық және шетелдік зерттеушілер қатысқан конференцияның материалдары жинағы жарияланды (Алматы, 2022 ж. - 195 б. ISBN 978-601-04-6094-2).</p>

	<p>Жоғарыда көрсетілгендей, зерттелген мұра түркі халықтары арасында дәстүрлі медицинасы, емдеу жолдары мен әдістерінің тұтас бір кешені, өзіндік мәдениеті болғанын көрсетті. Табиғи-климаттық жағдайлармен, шаруашылық және тұрмыстық өмірмен тығыз байланыста дамыған медицинасы эпидемиялық кейбір аурулардың таралуын алдын алуға қауқарлы болғанын анықтады. Көшпелі халықтар далалық медицина мәдениетін қаншалықты қалыптастыра алды деген мәселеде ондағы баяндалған емдік жоралғылар, тыйым-танымдар, ғұрыптар, емшілік тәжірибелер жауап берді. Талданған материалдар дәстүрлі медицинаның халық арасындағы рөлі қаншалықты маңызды болғанын бағалауға мүмкіндік берді.</p> <p>Түркі тіліндегі көптеген медициналық мұралар әлі де зерттелмей жатқандығын ескере келіп, ұлттық медицинадағы емдеу жолдарының әдіс-тәсілдерін талдау және дәрі-дәрмектердің тиімділігін зерттеумен айналысатын этнографтарды, биологтарды, фармацевтерді, ғылыми медицина мамандарын тарта отырып түркі медициналық мұрасын арнайы зерттейтін орталық құруға болады деп санаймыз. Дәстүрлі медицинада жиі қолданылатын дәрілік шөптерді жинайтын экологиялық таза аймақтарды анықтау, ол аймақтардың картасын жасау және сирек кездесетін өсімдіктердің түрлерін сақтауға, көбейтуге ықпал ететін табиғат аймақтарды ашу да басты маңыздылыққа ие. Жоба нәтижесінде трактаттың қазақ тілінде жасалған аудармасы кейінгі зерттеушілерге дәл осы салада кешенді зерттеулер жүргізуге айтарлықтай септігін тигізеді деп сенеміз.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жетекшісі – Зубайда Шадкам, филология ғылымдарының кандидаты (2006), доцент (2011). https://orcid.org/0000-0003-2080-3671 2. ҰҒА – Тұяқбаев Өмір Оразұлы, PhD https://orcid.org/0000-0003-3846-7426 3. ҰҒА Қыдырбаева Үміт Тұрсынбайқызы, PhD 4. Әбдіраханов Дінмұхамед Мұратұлы 5. Қайранбаева Назым Нұргелдіқызы, PhD https://orcid.org/0000-0002-3408-0876
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p>SCOPUS</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Shadkam Z., Kydyrbayeva U., Tuyakbayev O. Orta Asya halk hekimliğinde dua, vird ve zikir // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırmaları Dergisi. - 2023. - № 106. - S. 43-63. https://doi.org/10.34189/hbv.106.003 2. Sultanbek K., Shadkam Z., Kairanbayeva N. On the Issue of Transcription in Historical Turkic Text Studies in Central Asia // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli

ҒЖБССҚК ұсынған басылымдар:

1. Шадкам З., Тұяқбаев Ө.О., Қыдырбаева Ү.Т., Абдраханов Д.М. «Дастұр ал-‘иләж» медициналық трактаты және қолжазба нұсқалары // КазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. - 2021. - №3 (98). – Б. 101-110.

<https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v98.i3.10>

2. Шадкам З., Қыдырбаева Ү.Т., Тұяқбаев Ө.О. Ортағасырлық түркі шипагерлік дәстүрі және жазба жәдігерлері // КазҰУ хабаршысы.Тарих сериясы. - 2021. - №3 (102). - Б. 178-187.

<https://doi.org/10.26577/JH.2021.v102.i3.18>

3. Шадкам З., Тұяқбаев Ө.О., Сұлтанбек К.Б.. «Дастұр ал-‘иләж» трактатындағы халық емшілігі – медициналық антропология көзқарасымен // Еуразия Гуманитарлық Институтының Хабаршысы. - 2022. - №3. - Б. 87-100. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.09>

4. Шадкам З., Тұяқбаев Ө.О., Қыдырбаева Ү.Т. «Дастұр ал-‘иләж» медициналық трактатының орфографиялық және фонетикалық ерекшеліктері // КазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. - 2022. - №4 (103). - Б. 4-13.

<https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v103.i4.01>

5. Ү.Т. Қыдырбаева, З. Шадкам, Ө.О. Тұяқбаев. «Дастұр ал-‘иләж» трактатының мазмұндық құрылымы // КазҰУ хабаршысы Шығыстану сериясы. - 2023. - №2 (105). – Б. 119-129.

<https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v105.i2.013>

Халықаралық конференциялар жинағы:

1. Абдраханов Д. Кайранбаева Н. Исследования медицинских трактатов на чагатайском языке // IX Международной научно-практической конференции «Наука и образование в современном мире: вызовы XXI века». - Нур-султан, 2021. - Б. 13-16.

2. Kairanbayeva N., Shadkam Z. Some of medicinal herbs names in Turkic Folk Medicine (based on the treatise Dastur al-ilāj) // Международная научная конференция «Востоковедение – традиции и современность» памяти профессора А.Федотова. Софийский университет им. Св.Климента Охридского. 15-16 октября, 2022. - София, 2022.

3. Shadkam Z., Sultanbek K. "Destūr'ül-'İlāc'da Dođal Tedavi Yöntemleri» // «Далалық медицина: деректері, тарихы, қолданылуы, ұғымдары мен терминдері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы / Жауапты ред.: Шадкам З. - Алматы: Qalam, 2022. - Б. 46-56.

	<p>4. Kairanbayeva N., Shadkam Z. Medicinal Properties of Adyrspan in Turkic Folk Medicine (based on the treatise «Dastūr al-‘Ilāj») // Collection of International Scientific And Practical Conference "Steppe Medicine: Data, History, Applications, Concepts & Terms", 4-5 October, 2022. - Almaty; Qalam, 2022. - P 57-67.</p> <p>5. Қыдырбаева Ү.Т. «Дастūr ал-‘илāj» трактатында кездесетін ауру түрлері // «Далалық медицина: деректері, тарихы, қолданылуы, ұғымдары мен терминдері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы / Жауапты ред.: Шадкам З. - Алматы: Qalam, 2022. - Б. 36-46.</p> <p>6. Тұяқбаев Ө.О. «Асрар ал-атибба’а» медициналық трактаты – түркі мұрасы // «Далалық медицина: деректері, тарихы, қолданылуы, ұғымдары мен терминдері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы/ Жауапты ред.: Шадкам З. - Алматы: Qalam, 2022. - Б. 26-36.</p> <p>7. Абдраханов Д. ХІХ ғасырдағы қазақ медицинасы (Ә.Диваев еңбектері негізінде) // «Далалық медицина: деректері, тарихы, қолданылуы, ұғымдары мен терминдері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы / Жауапты ред.: Шадкам З. - Алматы: Qalam, 2022. - Б. 121-133.</p> <p>8. Sultanbek K. Çağatayca Bir Tıp Metni: “Destūr’ül-‘İlac” // International Symposium of Young Turkologists. - Bişkek: Kyrgyz-Turkish “Manas” University, 2022. - Б. 87-96.</p> <p>9. Kydyrbayeva U. Orta Asya Tarihi Tıp Metinleri Araştırmalarında “Dastūr Al-‘Ilāj” Örneği // IX Ogólnopolska Konferencja Turkologiczna w 20. rocznicę założenia Zakładu Turkologii na Uniwersytecie im. Adama Mickiewicza. Poznaniu. 11-12 maja 2023 r. Instytucie Orientalistyki UAM w Poznaniu. - Poznaniu, 2023.</p>
<p>Патент туралы ақпарат</p>	<p>-</p>
<p>https://www.kaznu.kz/kz/24497/news/</p>	



 **AMEA Məhəmməd Füzuli adına Əlyazmalar İnstitutu**
Bura 8 01:13

ƏL-FƏRƏBİ ADINA QAZAX MİLLİ UNİVERSİTETİNİN ALİMİ ƏLYAZMALAR İNSTITUTUNUN QONAĞI OLUB

Bu günlərdə Əl-Fərabə adınə Qazax Milli Universitetinin Şərqlənəsliq fakültəsinin dosenti, həmin universitetin nəzdində Mədəni irs və əlyazmalar Fondunun sədri, fil.ö.f.d. Zübeydə Şafkəm AMEA Məhəmməd Füzuli adına Əlyazmalar İnstitutunun qonağı olub. Qonağı Əlyazmalar İnstitutunun baş direktoru, akademik Teymur Kərimli qəbul edib. Görüşdə institutun icraçı direktoru, fil.e.d. Paşa Kərimov, ... **Əzizə**



